

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Мен өз елімнің патриотымын

Тәрбиеші: Стаева Г

2023ж

«Мен өз Отанымның патриотымын»

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу. Бүлдіршіндердің тілдік, сөздік қорын байыту. Мақал-мәтел, тақпақтар арқылы ой-өрісін кеңейту, сөздік қорларын молайтып, тілдерінің дамуына ықпал ету. Әлеуметтік, шығармашылық, танымдық, коммуникативтілік дағдылармен физикалық қасиеттерді дамыту

«Ән ұран» орындалады

Біздің еліміз қалай аталады?

-Тәуелсіз Қазақстан Республикасы

-Дұрыс, еліміз, Отанымыз, жеріміз Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталады екен. Біздің тәуелсіздік алғанымызға биыл 31 жыл толып жатыр. Осы 31 жыл ішінде біздің еліміз Қазақстан көптеген жетістіктерге жетті. Күні бүгінде Қазақстан Республикасын бүкіл әлем мойындады. Әр адамның өз Отаны, атажұрты, мекені, қонысы болады екен. Ал, біздің Отанымыз Қазақстан деп аталады екен.

Отан-сенің ата-анаң,

Отан-досың, бауырың.

Отан-өлкен, астанаң,

Отан-аудан, ауылың.

Солай ма балалар?

Тәуелсіз Қазақстан видеоролик көрсету.

-Қазақстан Республикасының рәміздеріне не жатады ?

-Ту, елтаңба, гимн.

-Тудың түсі қандай? Туда ненің белгісі бар?

-Тудың түсі көк, шетінде ою-өрнек, ортасында күн және қыран құс.

-Ел таңбамызда ненің бейнесі бар ?

-Елтаңба алтын және көгілдір түсті. Әлемнің тұтастығын, ошақтың амандығын білдіреді. Тұлпар биік арманның қайраттың нышаны. Жұлдыз – жұлдызымыз жарық болсын дегенді білдіреді.

Ту қандай геометриялық пішінге ұқсайды?

Түсі қандай? Салыстыру, беттестіру.

Тәуелсіздігіміздің белгісі көк туымызды қазір жабыстыратын боламыз.

